Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша Академиялық Комитет мәжілісі

№2 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

17.10.2023ж.

Қатысқандар: Исмагулова Ж.С.- АК төрағасы, доцент м.а., Казбекова Г.Н.- кафедра меңгерушісі, доцент м.а, Жунисов Н. М. - PhD, аға оқытушы, Амиртаев К. Б. - аға оқытушы, Садыбеков Р.Ш. - аға оқытушы, Абибуллаева А., - PhD, аға оқытушы, Аманов Ә - PhD, аға оқытушы, Искендирова Г.С.- аға оқытушы, Исаков Даврон - МАЖ-311 тобының 1 курс магистранты

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. АКТ даярлау бағыты бойынша 7М06129 – «Математикалық және компьютерлік модельдеу» Білім бағдарламасын реестрден алып тастау туралы ұсыныс жасау.
2. 2023-2024 оқу жылында Білім беру бағдарламалары бойынша бітіруші бакалаврларды қорытынды аттестаттаудың түрі туралы

Тыңдалды:

*1. Күн тәртібіндегі **бірінші** мәселе бойынша АК төрайымы Ж.С.Исмагулова:*

Бәріңізге белгілі АКТ бағытындағы 7М06129 – «Математикалық және компьютерлік модельдеу» білім бағдарламасы бойынша 3 жыл қатарынан контингенттің болмауына байланысты, бұл ББ-ны тізілімнен алып тастауды ұсынамын. Кімде қандай ұсыныс бар?- ұсыныстырды ортаға салуды сұрады.

2. *Казбекова Г.Н.- кафедра меңгерушісі, доцент м.а.:* қарастырылып отырған мәселе бойынша 7М06129 – «Математикалық және компьютерлік модельдеу» білім бағдарламасы бойынша 3 жыл қатарынан білім алушы қабылданбағандықтан тізілімнен алып тастау туралы ұсынысты қолдайтындығын білдірді.

3. *АК мүшесі Жунисов Н.М.* - 7М06129 – «Математикалық және компьютерлік модельдеу» білім бағдарламасын тізілімнен алып тастау туралы ұсынысты мақұлдайтынын жеткізді.

4. *АК мүшесі Амиртаев К.Б.*- жалпы АК мәжілісінің күн тәртібіне қойылған мәселерге өз пікірін айта келіп, сонымен қатар «Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар» даярлау бағыты бойынша 7М06129 – «Математикалық және компьютерлік модельдеу» білім бағдарламасын реестрден алып тастау туралы ұсынысқа қолдау білдіретінін айтты.

*1. Күн тәртібіндегі **екінші** мәселе бойынша АК төрайымы Ж.С.Исмагулова:* 2023-2024 оқу жылында бітіруші бакалаврларды қорытынды аттестаттауды өткізу түрін ұсыну туралы университетіміздің Академиялық комитетінен хат келді. Осыған сәйкес *Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау* бағыты бойынша білім алушылар контингенті – 63, яғни 6В06151-Ақпараттық жүйелер -36, 6В06182 - Компьютерлік инженерия-13, 6В06181 - Ақпаратты өңдеу және деректерді визуализациялау-13, 6В06152-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету-1. Осы білім бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды дипломдық жоба түрінде ұсыну туралы пікірін ортаға салды.

2. *Казбекова Г.Н.- кафедра меңгерушісі, **екінші** мәселе бойынша:* Дипломдық жоба – бұл бітіруші түлектің мамандықтың негізгі пәндері бойынша білімін, қабілеті мен тәжірибелік дағдыларын біріктіре көрсететін бітіру жұмысы болып табылады. Бітіруші

түлектер дипломдық жоба орындау және қорғау кезінде: білімділік деңгейін (жалпы ой-өрісін, кәсіби біліктілігін, арнайы және мамандандырылған білімін); кәсіби құзіреттілігін (мамандығы бойынша қолданбалы міндеттерді өздігінен шешу үшін алған білімдерін қолдана алуы); топпен жұмыс істей алу қабілеті және жобалық топ ішінде, сондай-ақ оның шегінен тыс жерлерде ортақ тіл таба білу; өз ойын нақты дәлелдермен баяндай алуы, өзінің идеялары мен ұсыныстарын айта және қорғай білу қасиеттерін көрсетеді. Ол болашақ маманның қабілеті мен тәжірибелік дағдысын көрсетеді. Сол себепті студенттерге диплом жұмысын немесе жобасын қорғау бекітілгенін қолдаймын.

3.АК мүшесі Амиртаев К.Б.: Біздің бағытымыз IT бағыты болғандықтан, сонымен қатар білім алушыларға университет қабырғасында оқыған негізгі пәндер бойынша білімді бақылауды емтихан-жоба түрінде өткізгендіктен, қорытынды аттестаттауды да жоба ретінде қалдыру ұсынысын қолдаймын.

4. *АК мүшесі, білімгерлер өкілі Исаков Д.:* Бітіруші білімгерлер үшін қорытынды аттестация түріне диплом жобасын қорғау енгізілгенін қолдаймын. Ойларыңызбен келісемін.

АК мүшелері ұсынысты бірауыздан қолдады.

Шешім:

1.Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша 7М06129 – «Математикалық және компьютерлік модельдеу» білім бағдарламасын тізілімнен алып тастау ұсынылсын.

2. Айтылған ұсыныстарды ескере отырып, Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар даярлау бағыты бойынша бітіруші бакалаврларды қорытынды аттестаттауды өткізу түрі дипломдық жоба болып қабылдансын, Университеттің Оқу-әдістемелік Комитетіне бекітуге ұсынылсын.

Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар бағыты бойынша Академиялық комитет төрағасы: **Ж.С.Исмагулова**

Хатшы: **Г.С.Искендірова**